Шыңға біткен шынар еді

Қанды майдан даласы. Гүрсілдеген зеңбіректер жерді солқылдатады. Зуылдаған катюшаның атылған сәулесі төбеңнен ағып жатыр. Қарсы келе жатқан танкілер төніп келе жатқан ажал сияқты, қарсы тұрған біздің әскер жан қиыспай беріспей айқас үстінде. Қасында жүрген достарының бір нешеуі көз алдында оққа ұшты. Бұл жас жауынгер Байдос Бекмұратовтың бір сәтте көрген көрнісі еді.

Рейхстагқа ту тіккен батыр Рахымжан Қошқарбаев жан досы Байдос Бекмуратов, оның қызы Амина Бекмуратова

Белін бекем буған жас ызалана автоматын безілдетті. Біразға созылған айқас толастар емес, бірте бірте жау жағы бәсеңси бастады. Сәл демалып қараса, сиреп қалған жау әскері шегіне бастады. Бұл Бәкеңнің бірінші шабуылы емес. Адам көрге де үйреніп кететіні рас шығар.. Күн ымырт үйіріле бастаған кезде жиналыңдар деді. Қоңыр күздің салқындығын жаңа сезе бастаған сияқтымыз. Бәрімізді сапқа тұрғызып, ризашылығын білдіріп, қазір тамақ ішкеннен кейін алдымызда қалың орманға кіріп, бұрын орналасуымыз керек деді. Таңдана қараймын. Таңғы тамақты бірге ішкен жауынгерлердің көбі шәйіт болған. Тамақтанған солдаттарды сапқа тұрғызып, ілгері жүріп кеттік. Көп ұзамай орманға да жеттік, бұл басшымыздың айласы екен. Ертерек барып демалту екен.

Орманның қалыңдау жеріне келіп, басымызды биіктеу жарға сүйеп, шинелімізді жамылып, дем алуға кірістік. Бәкен бірден ұйықтай алмай, соғысқа өзінен бұрын аттанған ағалары Өтеген мен Садыманды ойлап жатып ұйықтап кеткенін білмей қалды. Ерте оянған солдаттар тамақтана бастады. Жау жаққа аттанған барлаушылар әлі оралмаған екен. Сапқа тұрғызған солдаттардың командирі жауынгерлерін баяндай бастады, бір минут өмірден өткен солдаттарды еске алдық. Көбін ерліктері үшін орден - медальға ұсынды, бұл мадақтама ішінде Бәкен де бар еді.

Біздің жауынгерлерден әлі де ерлік істер күтем. Біз жеңіп келеміз. Осы шабуылмен Венгрияны азат етуге қатысамыз. Соғыс басталғанына да екі үш жыл өтті, сендер майданда төселдіңдер деді. Барлаушылар жау шебінің жағдайын хабарлай бастады. Біз алға жылжып орналаса бастадық. Біраз уақыттан кейін енді көп ұзамай басталатынын жариялады. Көп ұзамай жау жақтан пулемет зіркілдей жөнелді біз де қолдағы қаруымызды қыса ұстап кірісіп кеттік.. Аянбай айқасқан жауынгерлер ерекше шайқасты бастады. Арада 4-5 сағат ішінде жаудың бетін қайтарып, жеңіске жетті. Будапештте армия құрамы көбейді. Осы жерде қазақ батыры Рақымжан Кошқарбаевпен танысып, екеуі құшақтасып, біраз сырласып, аман есен соғысты аяқтап кездесуге жазсын деп айрылысты.. Содан беттерін Германияға бұрып, кездескен қалаларды азат етіп, жылжи береді. Берлинге тақаған жерде Бәкен ауыр жараланып, көп айлар есін білмей жатады. Бұны өлді деп елге қара қағаз жіберіп қояды. Араға жыл жарым салып қазақтың қайсар солдаты жазылып елге оралады. Қос ағасы да елге келіп табысады. Бәкен колхоз, совхоз жұмысына белсене араласады. Елге келген соң Құлмағанбеттің қызымен бас қосып, отауын тігеді. Бухгалтерліктіі бітірген. Алғашқы еңбек жолын Албарбөгет совхозының Тоқанай фермасынан бастайды. Осы жерде біраз жыл қызмет атқарады. 4 ұл 1қызы дүниеге келеді. Қимай қоштасқан Бакен туған жерге оралып, қатардағы есепшіден бас есепшіге көтеріліп, пенсияға шығады. Садыман ағасы суыр науқастан көз жұмды. Жас жеңгесі тұрмысқа шығып, жалғыз тұяғы Сәбитбекті жетімсіретпей өсіріп, қатарға қосылып шаңырақ көтереді. Елдің атқа мінер азаматы ауыр науқастан дүние салады. Өтеген ағасы мен

Ақылима жеңгесі Өкен деген жалғыз қызбен тұрып қалады. Қиналып жүрген ағасы мен жеңгесіне тұңғышы Тұрғынбек пен сүйікті қызы Әминаны бауырына салады. Ағасы мен жеңгесі қартайып дүние салды. Бәкен қолынан жерледі.. Бәкеңнің үш баласы шет ел мамандығын алып, қызмет етуде. Әминасы ағылшын, Мұхтары француз, Арғынбек неміс тілінің мамандары.

Тұрғынбегі мен Арғынбегі қайтты. Әмина, Нәзила, Сапаржан, Ләйласы Алматыда. Аманкелдісі, Тұрғынбектің жанұясы Астанада, Байдос аға мен Несібелді жеңгем тоқсанға тақап дүние салды.

Екеуі де кеңсай зиратында жатыр. Иманды болыңдар, жақсы жандар, Шыңға біткен шынарым.

Болат МОЛДАШҰЛЫ